

Гидротазарту блогы жұмысының жағдайлары: катализатор - алюмокобальтмолибденді, артық қысымы – 30-40 атм, температура - 380-420⁰С, шикізатты берудің меншікті көлемдік жылдамдығы - 5 сағ.-1, газдың циркуляциялануы – 500 м³/м³.

Керосиндік фракцияларды гидротазарту. Тікелей айдайтын керосинді, негізінде фракцияларды жоғары сапалы реактивті отынды және жарқырайтын керосинді алу мақсатымен гидротазалауға ұшыратады. Авиациялық реактивті двигательдерге арналған қазіргі отындарда кейбір компоненттердің, соның ішінде күкіртті және күлді қосылыстардың, органикалық қышқылдардың және т.б. болуымен шектеледі. Элементарлы күкірт тауарлы отындарда болмауы керек. Коррозияактивті және аз тұрақты қосылыстарға меркаптандар жатады; олардың құрамы катал стандартпен реттеледі.

Сутек қысымы астында каталитикалық гидрокуаттандыру реактивті отындардан керексіз қоспаларды толығымен аластатуға, шөгінділерді және тұнбаларды түзу қабілеттерін төмендетуге, коррозиялық активтілігін азайтуға мүмкіндік береді.

Реактивті отындарды алуға керосинді дистилляттарды гидротазалауды алюмокобальтмолибденді және алюмо-никельмолибденді катализаторлармен салыстырмалы жұмсақ жағдайда -350⁰С температурада, 70 атм. дейін жалпы қысымда және шикізатты берудің жоғары меншікті көлемді жылдамдықтарында іске асырады. 35 атм. қысымда, 350⁰С температурада, шикізатты берудің меншікті көлемді жылдамдығы 4,5 сағ⁻¹ және циркуляцияланатын газды бергенде 300 м³/м³ шикізат ТС -1 отынды алу үшін гидротазартуды алюмоникельмолибденді катализатормен өткізеді. Бастапқы шикізат - 144-240⁰С аралығында қайнайтын тік айдау фракциясы, оның құрамында 0,23 салм. % жалпы күкірт, соның ішінде 0,0067% меркаптанды күкірт болады. Гидротазалаудан кейін жалпы күкірттің құрамы 0,002 салм. %-ға, дейін, ал меркаптандыкі -0,00063 салм. %-ға дейін төмендейді.

Дизельді отынды гидротазарту. Күкіртті керосинді-газойльді дистиллттардан өндірілетін азкүкіртті дизельді отын өндірісінде гидротазарту маңызды орын алады. Гидротазарту қондырғыларының 30%-ға жуық әлемдік қуаты дизельді отындарды қуаттандыруда қолданады. Алюмокобальтмолибденді катализаторда кеңінен қолданады.

Тік айдайтын дизельді фракцияларды гидротазарту тек күкіртті қосылыстарды аластату үшін өткізіледі. Күкіртсіздендіру тереңдігін 80-90%-ға жеткізу үшін сутектің үлестік қысымын 30 атм ұстаса да жеткілікті. Процестің басқа жағдайларын - температура 350-400⁰С,